

## Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешімді ресімдеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 78/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 сәуірде № 32392 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешімді ресімдеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің

міндеттін атқарушы

A. Тұрысов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржылық мониторинг агенттігі

"СОГЛАСОВАН"

Қазақстан Республикасының

# Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің міндеттін атқарушы  
2023 жылғы 26 сәуірдегі  
№ 78/НҚ Бұйрықпен  
бекітілген

## Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешімді ресімдеу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешімді ресімдеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешімді ресімдеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

#### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 27.09.2024 № 607/НҚ (08.01.2025 қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) қамтамасыз етілген цифрлық актив – ақша мен құнды қағаздарды қоспағанда, материалдық, зияткерлік қызметтер мен активтерге құқықтарды қеудандыратын, қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және олардың айналымы жөніндегі цифрлық платформа арқылы тіркелген цифрлық актив;

2) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтауға және айырбастауға арналған цифрлық платформа – белгілі бір ақпараттық өзара іс-қимылдарды жүзеге асыратын және ақпарат алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған таратылған деректер платформасы негізінде құрылған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жиынтығы;

3) цифрлық активтер саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – цифрлық активтер саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) қамтамасыз етілген цифрлық активтердің айналымын шығаруды жүзеге асыратын тұлға – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына рұқсаты бар, қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформаны пайдалануды жүзеге асыратын жеке кәсіпкер, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы;

5) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешім (бұдан әрі – шешім) – қамтамасыз етілген цифрлық активтердің шығарылғанын растайтын Қазақстан Республикасы жеке кәсіпкерінің және (немесе) занды тұлғасының құжаты.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де үғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

## **2-тарау. Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешімді ресімдеу тәртібі**

3. Шешімді қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруды және олардың айналымын жүзеге асыратын тұлға ресімдейді және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруды жүзеге асыратын тұлға туралы мәліметтер:

жеке кәсіпкер үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәланыратын құжаттар туралы мәліметтер, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер;

занды тұлғалар үшін – занды тұлғаның атауы, орналасқан жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер;

2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті орган берген қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына рұқсат туралы;

3) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформаның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайдаланылатын технологиялардың атаулары туралы;

4) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басқару органы немесе занды тұлғаның атқарушы органы бекіткен ішкі бақылау қағидаларының және оны жүзеге асыру бағдарламасының болуы туралы;

5) жеке және занды тұлғаларды қамтамасыз етілген цифрлық активтермен операцияларды сатып алуға, иеленуге және жасауға байланысты тәуекелдер туралы хабардар ету туралы;

6) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына бастамашы болған тұлғаның немесе қамтамасыз етілген цифрлық активпен куәланырылатын құқықтар тиесілі тұлғаның меншігіне мүліктік құқықтар туралы;

7) жеке және занды тұлғаларға қамтамасыз етілген цифрлық активтермен куәланырылған құқықтар туралы хабарлау цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформада көрсетілген тұлғаға беру туралы жазба орналастырылған кезден бастап туындаиды;

8) шығарылатын қамтамасыз етілген цифрлық активтерді куәланыратын құқықтардың түрі мен көлемі туралы:

материалдық, зияткерлік қызметтер мен активтерге құқықпен күәландырылған қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформада шығарылатын қамтамасыз етілген цифрлық активтер жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) негізделеді;

меншікке және (немесе) зияткерлік меншік құқығына муліктік құқықтары расталған қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформада шығарылатын қамтамасыз етілген цифрлық активтер қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформаны пайдаланушылар арасындағы келісімге сәйкес белгіленеді;

- 9) басталуы кезінде қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару болды (аяқталды) деп танылатын технологиялық процестің сипаттамасы;
- 10) шығарылатын қамтамасыз етілген цифрлық активтерді орналастырудың басталу күні;

11) қаржылық мониторинг саласындағы уәкілетті органның порталында тіркелуі туралы.

4. Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешім электрондық нысанда ресімделеді және оған қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаратын тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады.

5. Заңның 7-бабына сәйкес қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешім қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруды жүзеге асырған тұлғаның ресми интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс және қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруға бастамашылық еткен тұлғаның міндеттемелері толық орындалғанға дейін қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешім негізінде шығарылған қамтамасыз етілген цифрлық активтердің барлық иелерінің алдында ашық қолжетімділікке ие болуы тиіс.